

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Тәжікстан Республикасының Үкіметі арасындағы Халықаралық автомобиль қатынасы туралы келісімді ратификациялау туралы

Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 8 желтоқсандағы N 197 Заңы

Астанада 2006 жылғы 4 мамырда қол қойылған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Тәжікстан Республикасының Үкіметі арасындағы Халықаралық автомобиль қатынасы туралы келісім ратификациялансын.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Тәжікстан Республикасының Үкіметі арасындағы Халықаралық автомобиль қатынасы туралы

КЕЛІСІМ <*>

(2006 жылғы 28 желтоқсанда күшіне енді - Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары бюллетені, 2007 ж., N 1, 5-құжат)

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Тәжікстан Республикасының Үкіметі,

Тараптар мемлекеттері арасындағы халықаралық автомобиль қатынасы саласындағы ынтымақтастықты одан әрі дамыту қажеттілігін басшылыққа ала отырып, екі мемлекет арасындағы және олардың аумақтары бойынша транзитпен автомобиль қатынасын жүзеге асыруды жеңілдетуге ұмтыла отырып, төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Осы Келісімге сәйкес Тараптар мемлекеттері арасындағы және олардың аумақтары бойынша транзитпен, сондай-ақ Тараптар мемлекеттерінің бірінде тіркелген автокөлік құралдарымен үшінші елдерге (елдерден) жолаушы мен жүк тасымалдары жүзеге асырылады.

2-бап

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру мақсатында төмендегі терминдер мыналарды білдіреді:

а) "құзыретті органдар":

- Қазақстан Тарапынан - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі,

6, 10 және 15-баптарға қатысты - Қазақстан Республикасы Ішкі істер

министрлігімен

бірілесіп.

11 және 32-баптарға қатысты - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігімен
бірілесіп.

- Тәжік Тарапынан - Тәжікстан Республикасы Көлік министрлігі,
6, 7, 8, 10 және 15-баптарға қатысты - Тәжікстан Республикасы Ішкі істер
министрлігімен
бірілесіп.

Жоғарыда аталған құзыретті органдардың атаулары немесе функциялары өзгерген
кезде Тараптар дипломатиялық арналар бойынша уақтылы хабардар етілетін болады;

б) "тасымалдаушы" - Тараптардың бірінің мемлекеті аумағында тіркелген және
оның ұлттық заңнамасына сәйкес жолаушылар мен жүктердің халықаралық автомобиль
тасымалдарын орындауға рұқсат берілген кез келген жеке немесе заңды тұлға;

в) "автокөлік құралы":

- жүктерді тасымалдау кезінде - жүк автомобилі, тіркемесі бар жүк автомобилі,
автомобиль тартқыш немесе жартылай тіркемесі бар автомобиль тартқыш,

- жолаушыларды тасымалдау кезінде - автобус, яғни жолаушыларды тасымалдауға
арналған және жүргізуші орнын қоса алғанда, отыруға арналған 9-дан артық орны бар
автокөлік құралы, багажды тасымалдауға арналған тіркемесі болуы мүмкін,

меншік құқығында не жалға алу шарты немесе лизинг негізінде тасымалдаушының
басқаруында болатын;

г) "рұқсат" - Тараптардың бірінің мемлекетінің құзыретті органы беретін,
Тараптардың бірінің мемлекетінің аумағында тіркелген автокөлік құралының екінші
Тарап мемлекетінің аумағы бойынша жүріп өтуіне құқық беретін құжат;

д) "жолаушыларды тұрақты тасымалдау" - Тараптардың құзыретті органдарымен
келісілген бағыттар, кесте, тарифтер, тасымалдаушы жолаушыларды отырғызу мен
түсіруді жүргізетін аялдама пункттері бойынша жүзеге асырылатын жолаушыларды
автобуспен тасымалдау;

е) "жолаушыларды тұрақты емес тасымалдау" - "жолаушыларды тұрақты
тасымалдау" анықтамасына кірмейтін, жолаушыларды автобустармен тасымалдау.

3-бап

1. Жолаушыларды екі жақты және транзиттік қатынаста автобустармен тұрақты
тасымалдау Тараптар мемлекеттерінің құзыретті органдары бағыты олардың
мемлекеттерінің аумағы бойынша өтетін учаскесіне берген рұқсаттарының негізінде
жүзеге асырылады.

Тараптар мемлекеттерінің құзыретті органдары рұқсаттың шарттары мен қолдану
мерзімін, кестені, тарифтерді, тасымалдаушы жолаушыларды отырғызу мен түсіруді
жүзеге асыратын аялдама пункттерін, оның ішінде Тараптар мемлекеттерінің
мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттерін көрсете отырып, бағыт схемасын
уағдаластық негізде жазбаша нысанда келіседі.

2. Белгіленген бағыттарға сәйкес жолаушыларды автобустармен тұрақты

тасымалдауды жүзеге асыру құқығын куәландыратын рұқсатты алуға арналған өтінім Тараптар мемлекеттерінің құзыретті органдарына жіберіледі.

3. Өтінім мен рұқсаттың мазмұнын, нысанын Тараптар мемлекеттерінің құзыретті органдары белгілейді.

4-бап

1. Жолаушыларды екі жақты және транзиттік қатынаста Тараптардың бірінің мемлекеті аумағында тіркелген автобустармен тұрақты емес тасымалдау осы баптың 2 және 3-тармақтарында көзделген тасымалдарды қоспағанда, рұқсаттар бойынша жүзеге асырылады.

2. Жолаушыларды екі жақты және транзиттік қатынаста автобустармен тұрақты емес тасымалдау, бір ғана құрамдағы жолаушылар тобы бір автобуспен тасымалданғанда, рұқсаттарсыз жүзеге асырылады, бұл ретте:

а) сапар автобус тіркелген Тарап мемлекетінің аумағында басталады және аяқталады;

б) сапар автобус тіркелген Тарап мемлекетінің аумағында басталып, автобустың осы аумақтан бос кетуі шартымен, екінші Тарап мемлекетінің аумағында аяқталады.

3. Сондай-ақ, рұқсаттар:

а) сол тасымалдаушының жолаушылар тобын бастапқы жөнелту пунктіне осы топ бұрын жеткізілген екінші Тарап мемлекетінің аумағындағы пункттен кері тасымалдауы мақсатында (осы баптың 2-тармағының "б" тармақшасында көрсетілген жағдайда) бос автобустардың кіруі үшін;

б) сынған автобусты басқа автобуспен ауыстырған кезде талап етілмейді.

4. Осы баптың 2-тармағы және 3-тармақтың а) тармақшасында көрсетілген жолаушыларды тұрақты емес тасымалдауды орындау кезде автобустың жүргізушісінде Тараптардың құзыретті органдарымен келісілген арнайы нысан бойынша жасалған жолаушылардың тізімі болуы тиіс.

5-бап

Тараптар мемлекеттерінің арасында немесе олардың аумақтары бойынша транзитпен жүктерді автокөлік құралдарымен тасымалдау, сондай-ақ үшінші мемлекетке (мемлекеттен) тасымалдау рұқсат алмай жүзеге асырылады.

6-бап

1. Осы Келісімде көзделген тасымалдарды, өз мемлекетінің ұлттық заңнамасына сәйкес халықаралық тасымалдарды жүзеге асыруға рұқсат берілген тасымалдаушылар ғана орындауы мүмкін.

2. Халықаралық тасымалдарды жүзеге асыратын автокөлік құралдарында өз мемлекетінің тіркеу және айырым белгілері болуы тиіс.

Жүк автомобильдерінде немесе автомобиль тартқыштарында тиісінше Қазақстан

Республикасының немесе Тәжікстан Республикасының тіркеу және айырым белгілері болған кезде, тіркемелер мен жартылай тіркемелерде басқа елдердің тіркеу және айырым белгілері болуы мүмкін.

7-бап

Осы Келісімде көзделген тасымалдарды жүзеге асыру үшін, егер автокөлік құралының көлемі, жалпы салмағы немесе оське түсетін жүктемесі осы екінші Тарап мемлекетінің ұлттық заңнамасында белгіленген нормалардан асып кетсе (ауыр салмақты және ірі көлемді), тасымалдаушы екінші Тарап мемлекетінің құзыретті органының арнайы рұқсатын алуға тиіс.

8-бап

Қауіпті жүктерді тасымалдау кезінде Тараптар, қатысушылары өз мемлекеттері болып табылатын халықаралық шарттардың барлық талаптарының, сондай-ақ Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамасының орындалуын қамтамасыз етуге тиіс.

9-бап

Бір Тарап мемлекетінің тасымалдаушысына екінші Тарап мемлекетінің аумағында орналасқан пункттер арасында жолаушы немесе жүк тасымалдарын жүзеге асыруға рұқсат етілмейді.

10-бап

1. Автокөлік құралдарының жүргізушілерінде өздері басқаратын автокөлік құралдарының санатына сәйкес келетін ұлттық немесе халықаралық жүргізуші куәліктері және автокөлік құралының ұлттық тіркеу құжаттары болуға тиіс.

2. Осы Келісімге сәйкес талап етілетін рұқсат пен басқа да құжаттар автокөлік құралының жүргізушісінде болуы және Тараптар мемлекеттері құзыретті органдарының талабы бойынша көрсетілуі тиіс.

11-бап

Тараптар мемлекеттерінің бірінің тасымалдаушылары осы Келісімнің негізінде екінші Тарап мемлекетінің аумағы бойынша жүзеге асыратын жолаушы мен жүк тасымалдары, сондай-ақ осы тасымалдарды орындайтын автокөлік құралдары, ақылы жолдарды, сондай-ақ ақылы көпірлер мен тоннельдерді пайдаланғаны үшін алымдарды қоспағанда, егер осындай алымдар мен төлемдер өндіріп алынуға жатса (оның ішінде осы екінші Тарап мемлекетінің тасымалдаушыларынан), жолдарды пайдалануға немесе күтіп ұстауға, автокөлік құралдарын иеленуге немесе пайдалануға байланысты алымдар мен салықтардан босатылады.

12-бап

1. Осы Келісімнің негізінде тасымалдарды жүзеге асыру кезінде екінші Тарап мемлекетінің аумағына әкелінетін:

а) автокөлік құралының тиісті моделі үшін көзделген, техникалық және конструкциялық жағынан қозғалтқыштың қоректену жүйесімен байланысқан негізгі сыйымдылықтардағы жанармай, сондай-ақ жүк автокөлік құралдарындағы немесе

арнайы контейнерлердегі рефрижераторлық немесе басқа қондырғының әрқайсысына екі жүз литр мөлшеріндегі қосымша жанармай;

б) тасымалдау кезінде тұтынуға қажетті мөлшердегі жағармай материалдары;

в) халықаралық тасымалды орындау кезінде автокөлік құралының жарамсыздығы туындаған жағдайда оны жөндеу үшін қажетті уақытша әкелінген агрегаттар, қосалқы бөлшектер және құрал-саймандар кедендік алымдар мен баждардан босатылады.

2. Пайдаланылмаған қосалқы бөлшектер мен құрал-саймандар Тарап мемлекетінен кері әкетілуге жатады, ал ауыстырылған қосалқы бөлшектер кері әкетілуге немесе аумағында осы қосалқы бөлшектерге қатысты кедендік режимді өзгерту болған Тарап мемлекетінің ұлттық заңнамасына сәйкес өзге кедендік режимге орналастырылуға тиіс.

13-бап

Осы Келісімнің негізінде жүзеге асырылатын жолаушы мен жүк тасымалдары автокөлік құралдары иелерінің үшінші тұлғаларға келтірілген залал үшін азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыруы шартымен жүзеге асырылады.

Тасымалдаушы көрсетілген тасымалдарды орындайтын әрбір автокөлік құралын алдын ала сақтандыруға міндетті.

14-бап

Жедел медициналық көмекке мұқтаж адамдарды тасымалдау, жолаушыларды тұрақты тасымалдау кезінде, сондай-ақ дүлей зілзалалардың, авариялар мен апаттардың зардаптарын жоюға қажетті жүктерді, жануарлар мен тез бұзылатын жүктерді тасымалдау кезінде шекаралық, көліктік және санитарлық бақылау мен кедендік ресімдеу жүргізу бірінші кезекте жүзеге асырылады.

15-бап

1. Тараптар мемлекеттерінің тасымалдаушылары осы Келісімнің ережелерін, сондай-ақ ұлттық заңнаманы, оның ішінде аумағында автокөлік құралы тұрған екінші Тарап мемлекетінің жол қозғалысы ережелерін сақтауға міндетті.

2. Тараптардың бірінің мемлекеті аумағында жол берілген осы Келісімнің қандай да бір ережесін бұзушылық жағдайында, автокөлік құралы тіркелген Тарап мемлекетінің құзыретті органы екінші Тарап мемлекетінің құзыретті органының өтініші бойынша осы Келісімнің орындалуын қамтамасыз ету үшін қажетті барлық шаралар мен санкцияларды қабылдайды.

Қабылданған шаралар туралы ақпарат осы екінші Тарап мемлекетінің құзыретті органына жіберіледі.

3. Осы баптың ережелері, аумағында бұзушылық жасалған Тарап мемлекетінің ұлттық заңнамасында көзделген санкцияларды Тараптар мемлекеттерінің тасымалдаушыларына қолдануды жоққа шығармайды.

16-бап

Осы Келісіммен, сондай-ақ екі Тарап та қатысушылары болып табылатын халықаралық шарттармен реттелмеген мәселелер Тараптардың әрқайсысының мемлекетінің ұлттық заңнамасына сәйкес шешіледі.

17-бап

1. Осы Келісімнің орындалуын қамтамасыз ету мақсатында Тараптар мемлекеттерінің құзыретті органдары осы Келісімнің іске асырылуына ықпал ететін өз мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларының барлық өзгерістері туралы өзара ақпаратпен алмасады.

2. Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру немесе қолдану кезінде даулар мен келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар оларды келіссөздер және консультациялар жолымен шешеді.

18-бап

Тараптар осы Келісімді іске асыру және халықаралық автомобиль тасымалдары саласында туындайтын мәселелерді шешу үшін Тараптар мемлекеттерінің құзыретті органдары деңгейінде кездесулер өткізеді.

Кездесулер, оларды өткізу болжанған күннен кемінде бір ай бұрын дипломатиялық арналар арқылы жіберілетін Тараптардың бірінің ұсынысы бойынша Тараптар мемлекеттерінің аумақтарында кезекпен өткізіледі. Осы Келісімді іске асыру жөніндегі шығыстарды Тараптардың әрқайсысы дербес көтереді.

19-бап

Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімге, оның ажырамас бөлігі болып табылатын және осы Келісімнің 21-бабында көзделген тәртіппен күшіне енетін жеке хаттамалармен ресімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

20-бап

Осы Келісім Тараптардың олар жасасқан басқа да халықаралық шарттардан туындайтын құқықтары мен міндеттерін қозғамайды.

21-бап

1. Осы Келісім оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді Тараптардың орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама алынған күннен бастап күшіне енеді.

2. Осы Келісім белгіленбеген мерзімге жасалады және Тараптардың бірі екінші Тараптың осы Келісімнің қолданылуын тоқтату ниеті туралы жазбаша хабарламасын алған күннен бастап алты ай өткенге дейін күшінде болады.

2006 жылғы 4 мамырда Астана қаласында әрқайсысы қазақ, тәжік және орыс тілдерінде екі түпнұсқа данада жасалды, әрі барлық мәтіндердің күші бірдей.

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруде келіспеушіліктер туындаған жағдайда, орыс тіліндегі мәтін негізге алынатын болады.

*Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін*

*Тәжікстан Республикасының
Үкіметі үшін*

РҚАО-ның ескертуі. Келісімнің қазақ тіліндегі мәтіні тәжік тілінде қайталады (қағаз мәтінінен қараңыз).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК